

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні құтты болсын!

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні

№ 18(512) 30 қараша 2021 жыл



**БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ**

ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

«Түркістандағы халықаралық ортаны қазіргі заманауи бет алыстарға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық базаның көмегіне сай қалыптастыру мүмкіндіктері бар. Бұл ретте экологиялық күн тәртібі де бар. Бұл бағыт Түркістанды дамыту бойынша өзектілігін жоғалтпауы қажет», – деген ұсынысын айтты Айдана Акесина. Дөңгелек үстелді қорытындылаған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі Женгиз Томар түркі елдері арасындағы виза мәселесін оңтайластыру туралы идеясын айтты.

3 БЕТТЕ

КИЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Жәкең дайындаған әрбір жеңімпаз-студенттеріне мен де атсалыстым деп айта аламын. Адамға күш беретін құнарлы ас емес пе, олар менің дайындаған тағамдарым, бие, сиыр сауып дайындаған ағарғандарым мен көктем басталғаннан бау-бақшада егіп, өсірген көкөністер мен жеміс-жидектерді жеп қуаттанды. Кейде ағайыңа неге маған да ең болмағанда бір Алғыс хат бермейсіңдер деп әзілдеп айтып отырамын. Осы тұрғыдан еленбей келеді (күліп). Ұстазын сыйлап, туғанымыздай болып кеткен шәкірттері көп. Университет қабырғасынан шыққаннан кейін кейбір спортшылар үлкен додаға баптап қосқан бапкерлерін ұмытып кететін жағдайлар да болып тұрады. Осындай сәттерде «көзден кетсе көңілден кетеді екен» деп қаласың.

4-5 БЕТТЕРДЕ

**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ СҮЙІКТІ
СТУДЕНТТЕР!
СІЗДЕРДІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!**



Жаңа тәуелсіз мемлекетімізді құрушы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - тек қазақстандықтар ғана емес, бүкіл әлем мойындаған ұлы тұлға. Оның білімі, көрегендігі, ақыл-парасаты, төзімділігі көпке үлгі, ұрпаққа өнеге.

Елбасымыз тоқырау кезеңінде бірлік пен елдікті, татулық пен достықты ту етіп, тәуелсіздікті бағанды, егемендікті еңселі ете білді. Нұрсұлтан Әбішұлы қиын кезеңде де мемлекетімізді халықаралық аренада мойындауы үшін күш салды. Оның бір дәлелі - біздің Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Тәуелсіз мемлекетімізде ашылған алғашқы оқу орны тікелей Тұңғыш Президент жарлығымен құрылған болатын. Бүгінде 30 жылдығын тойлағалы жатқан университетіміз әрдайым Нұрсұлтан Назарбаевтың ерекше назарында болды. Елбасымыздың қолдауы мен көмегінің нәтижесінде халықаралық дәрежеге көтеріліп, ерекше статусы бар университетке айналдық.

Құрметті достар!

Мемлекет алдында осындай толағай тірлік атқарған Президент күнін атап өту Сіз бен біздер үшін үлкен қуаныш, зор мәртебе. Халық бірлігі мен берекесін ұлықтап, мемлекеттің мерейін асыратын мерекелік күні Сіздерге зор денсаулық, табыс пен сәттілік, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Құрметпен, Жанар ТЕМІРБЕКОВА
университет ректоры

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Университетімізде 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні аталып өтті. Маңызы бөлек жиынға білім ордамыздың оқытушы-профессорлар қауымы мен студент жастар қатысты.

Салтанатты шарада оқу орда ректоры Жанар Темірбекова мен ректор өкілі Женгиз Томар құттықтау сөз сөйлеп, Елбасының 30 жыл ішінде еліміздің өркендеу жолында атқарған ерен еңбектерін айтып өтті. Оның ішінде, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркістан қаласына деген ерекше ықыласын да назардан тыс қалдырмады.

Қазақстан Тәуелсіздік алған тұста ұлт тарихындағы жаңа дәуір дәл осы 1 желтоқсан күнінен басталған болатын. Себебі, ата-бабамыздың ғасырлар бойы асыл арманы болып келген тәуелсіз Қазақстанды құру жөніндегі тарихи аманаты 1991 жылғы 1 желтоқсанда орындалып, дәл сол күні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіз Қазақ елінің Тұңғыш Президенті болып сайланған болатын. Мерекелік кеште әсем әуен айтылып, күмбірлі күй шертілді. Шара барысында аталған мерекелік күнге орай университетіміздің даму жолында аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар мамандар алғыс хатпен марапатталды. Осылайша өрбіген салтанатты шара «Елбасы» әнімен қорытындыланды.



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

«НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ»: ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ИНТЕГРАЦИЯ ЖОЛЫ»

Түркістанда «Назарбаев моделі»: түркі әлеміне бағытталған интеграция жолы» атты халықаралық конференция өтті. Басқосу Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жанындағы Ғылым кеңесі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мұрындық болуымен офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылды.

Іс-шара Тұңғыш Президент күні мен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің 30 жылдығын атап өтуге арналып отыр. Жиынға мемлекеттік, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тарихшылар, саясаттанушылар, жас ғалымдар қатысты.

Конференция «Нұрсұлтан Назарбаев – түркі интеграциясының сәулетшісі» пленарлық отырысымен ашылды. Сессия модераторы Нұрсұлтан Назарбаев Қоры атқарушы директорының орынбасары Игорь Рогов Елбасының Түркі Әлеміндегі рөліне тоқталып, рухани астана атанған Түркістанның бүгінгі көрінісі туралы баяндады.

Халықаралық конференцияны Алматы қаласындағы Нұрсұлтан Назарбаев қорының басшысы Сергей Тоқтаров ашып берді. Ол Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдағы жеткен жетістіктерін сөзіне арқау етіп, осы жолдағы Нұрсұлтан Әбішұлының ерекше еңбегін айрықша атап өтті.

Пленарлық отырыста Түрік Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы Зухту Арслан, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қайрат Мәми, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Бағдат Әміреев, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Түркістан облысының әкімі Әмірзақ Шөкеев, Түркі мәдениеті халықаралық ұйымының (ТҮРКСОЙ) бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Дария Қожамжарова, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова сөз сөйледі.



Спикерлер бауырлас түркі мемлекеттерінің ортақ тарихы, жаңа ғасырдағы түркі дүниесінің бейнесі, Нұрсұлтан Назарбаевтың түркі әлемінің интеграциясындағы рөлі, ұлтаралық татулықты сақтау үшін Елбасының қалыптастырған даңғыл жолы, этносаралық келісімнің қазақстандық моделінің қазіргі жағдайы, түркі әлемі елдерінің әрбір сала бойынша ықпалдастығы, түркітілдес елдерден құралған ұйымдардың жұмысы мен қызметі, соңғы 30 жыл ішінде жеткен жетістіктері, келешекте атқарылуы тиіс жобалар аясында сөз қозғады.

Басқосуда Тұңғыш Президент күні мерекесі, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және егемен елімізде ашылған алғашқы оқу орны – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 30 жылдық мерейтойы ерекше аталып өтті. Өз кезегінде, спикерлер қазақстандықтарды алда келе жатқан айтулы мерекелермен құттықтап, ақ тілегін жеткізді. Айта кетерлік жайт, конференция аясында Нұрсұлтан Назарбаев қоры жанындағы Ғылым кеңесінің өкілдері студенттер мен жас ғалымдарға арналған Қордың байқаулары мен бағдарламалары туралы семинар өткізілді. Семинарға қатысушыларға гранттар мен стипендияларды тағайындау байқауларының талаптары мен ережелері туралы түсіндірді.

«Назарбаев моделі»: түркі әлеміне бағытталған интеграция жолы» атты халықаралық конференциясының жұмысы 26-27 қараша күндеріне жоспарланған. Спикерлер екі күн бойы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздігін алудағы, ұлтаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісім үлгісін нығайтудағы рөлі және түркі халықтарының интеграциясы тақырыбын қарастырды. Жиын барысында «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» және «Назарбаев моделі»: түркі әлемінің 2040 жылдағы көрінісі» атты дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Соңғы дөңгелек үстел барысында 2021 жылы 12 қарашада Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің VIII саммитінің қорытындылары талқыланды.



ОҚУ ОРДАМЫЗДА:

Түркология институты Томск мемлекеттік университетімен онлайн конференция ұйымдастырды. Түркология ғылыми-зерттеу институты Томск мемлекеттік университетімен онлайн конференция ұйымдастырды. Конференцияда Томск мемлекеттік университетінің ғалымы, филология ғылымдарының кандидаты Валерия Лемская «Оңтүстік Сібір түріктері арасындағы аймақтық зерттеулер» (Шұлымдар, телеуіттер, томск татарлары) тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында қазіргі жойылу қаупінде тұрған шұлымдар, телеуіттер, томск татарларының диалектілеріне кеңінен тоқталды. Конференцияда Сібір түрік тілдерінің Тіл және мәдени зерттеу орталықтары мен шұлымдар түрік деректер корпусының да жұмысын атап өтті. Сібір түрік тілдері тарихы қай кезеңдерді қамтығанын, алғашқы кезең, ескі кезең, жаңа кезең, заманауи кезең болып бөлінетінін ашып көрсетті. Сонымен қатар, тілдерді қорғау және зерттеу барысындағы жобалар туралы, Сібір жергілікті халықтары жайына да тоқталып өтті. Ғалым шұлымдар, телеуіт, томск татарлары тілдерінің диалектілерін зерттеумен қатар сөздіктер құрастырғанын, шұлымдар, телеуіт, томск татарлары тақырыбы бойынша бұған дейінгі атқарған жұмыстары мен семинарларына да тоқталды. Конференцияға қатысушылар баяндамашының зерттеулеріндегі деректерді аса қызығушылықпен тыңдады. Конференция соңында баяндамашы Валерия Лемскаяны Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Бүлент Байрам алғыс хатпен марапаттады.

Түркология ғылыми-зерттеу институты

Университет ректоры Жанар Темірбекова «Мен жастарға сенемін» атты республикалық форумның жеңімпаздары мен номинаттары қабылдады.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін» атты студенттік жастардың республикалық патриоттық форумына оқу орнымыздан 5 студент қатысып, жақсы нәтижеге қол жеткізді.

Республикалық форум бірнеше бағыт бойынша өткізілді. «Қазақ тілі – татулық тілі» өзге ұлт өкілдері арасында көркемсөз оқу байқауына қатысқан студентіміз Маннонова Чарос жүлделі I орынды иеленді. Жетекшісі – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әдемау Толысбаева.

Осы форумда «Sanaly ugraq»: ең үздік сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоба бағыты бойынша бақ сынаған шәкіртіміз Тажибаева Ғалия «Ғылымға жасаған қадам» номинациясына ие болды. Жетекшісі – заң ғылымының кандидаты, доцент Есеналиев Асқат.

Сондай-ақ, Хажахмет Сабина, Сытышева Диана, Оразалы Жизель «Туған табиғатты аялау – азаматтық міндет!» экологиялық жоба байқауында «Үздік жасыл жоба» номинациясымен марапатталды. Ғылыми жетекшісі – PhD доктор, доцент м.а. Әбдімүтәліп Нұрлыбек.

Жанар Темірбекова университетіміздің намысын қорғаған студенттерге алғысын айтып, жеңісімен құттықтады. Ректор білімді, саналы ұрпақ тәрбиелегені үшін шәкірттердің ата-анасына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, жастарға жол көрсетіп, дұрыс бағыт-бағдар берген жетекшілеріне де ыстық ықыласын жеткізді.

Айта кетейік, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен жыл сайын өткізілетін аталған форум студент жастардың Қазақстан болашағы алдындағы азаматтық жауапкершілігін және патриоттық сезімін арттыруды мақсат етеді.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы

«Назарбаев моделі»: түркі әлеміне бағытталған интеграция жолы» атты халықаралық конференциясы аясында «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» тақырыбымен дөңгелек үстел өтті.

Жиын қатысушылары түркі әлемінің интеграциясы бастау алған Түркістан қаласының рухани астана аталуына қатысты ой-пікірлерімен бөлісті. Спикерлер Түркістанның тарихынан сыр шертіп, жаңа замандағы түрленген көрінісін, шаһардың маңызы мен мәнін, қазіргі даму процесін талқылады.

Кездесуде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова модератор болды. Ол сан ғасырлық тарихы бар Түркістан Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, өркениеттің дамуына, көптеген ғұламалардың қалыптасып, дамуына ықпал еткен шаһар екенін атап өтті.

Дөңгелек үстелді ашып берген Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Мамбет Қойгелдиев: «Түркістан біздің халықтың ғана емес, бүкіл түркі әлемі үшін рухани орталық. Нұрсұлтан Назарбаев түркі елдерінің өзара жан-жақты байланысының артуына ықпал еткен тұлға. Мен Нұрсұлтан Әбішұлының өлшеусіз қызметін оның тұтас Түркістан идеясына, түркі елдері идеясына қосқан үлесі деп білемін», – деді. Сонымен қатар, Мамбет Қойгелдиев түркі елдерінің бірлігі мен ықпалдастығының тарихына тоқталды, Түркістанның әлеуметтік-мәдени дамуына қатысты ұсыныстарын айтты.

Бас қосуға «Манас» атындағы қырғыз-түрік университетінің ректоры Алпаслан Джейлан да қосылды. Ол Түркістанның маңызы мен рөлі, Қожа Ахмет Ясауидің түркі дүниесінде қалыптастырған мәдениеті жайлы ойын ортаға салды.

«Көптеген ғалымдар Түркістанға қатысты өз түсініктерін қазақстандықтардың ислам дінін қабылдаумен байланыстырады. Ал шын мәнінде, Ахмет Ясауи мәдениетінің ауқымы кең. Оған қазақтың домбырасын да қоссақ болады. Ол тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл түркі әлемінің қарашығына айналуы керек. Ал Түркістан ежелден Орталық Азиядан Анадолыға дейінгі тіл, тарих, мәдениет және экономикалық көпір болған, әлі де қызметін жалғастырып келеді. Сондықтан киелі шаһардың рухани астана аталуы заңды құбылыс», – деді «Манас» атындағы қырғыз-түрік университетінің ректоры.

Сондай-ақ, Алпаслан Джейлан Нұрсұлтан Назарбаевты түркі дүниесінің ақсақалы, қадірлі тұлға екенін сөзге тиек етіп, Елбасымызға алғысын білдірді.

Жиында Назарбаев Университетінің Қазақ тілі және түркі тану кафедрасының профессоры және меңгерушісі Юлай Шамилоғлы Ортағасырлық Түркістан қаласын зерттеу туралы әңгіме өрбітті. Әсіресе, Юлай Шамилоғлы Қожа Ахмет Ясауидің бүгінгі ұрпаққа қалдырған өшпес мұрасы, ашылмаған сырларын айтты.

«Еуразия» ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Дәулет Жайлыбаев, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері Мадина Бектенова Түркістандағы өркениет пен мәдени дамуы туралы баяндама жасады.

«Түркістан қаласының тарихи және мәдени қызметі қазіргі кезде Түркі дүниесіндегі интеграциялық шарттарды орындайтын бірден бір кеңістік ретінде түсіндіріледі. Себебі, Түркістанның түркі халықтарына ортақ тарихи кезеңдері ортақ мәдениеттің орын алуына мүмкіндік берді. Соның ішінде тарихи деректердегі Түркістан қаласының маңызы ортақ мәдени кеңістікті қалыптастырады. Ал, қазіргі Түркістан қаласындағы этникалық қатынастар мен тарихи және киелі орындардың қызметі түркі халықтарының тұтастану мәселесінде маңызды фактор болып табылады», – деді Дәулет Жайлыбаев.

Ал ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Айдана Акесина Тәуелсіз Қазақстандағы Урбандалу процесі жайлы сөз қозғады. Айдана Акесина жаңа қала қалыптастырудағы шетелдік және отандық тәжірибеден мысалдар келтіре отырып, Түркістанның рухани астана ретіндегі преспективасы жоғары, урбанизация бойынша ешқандай кедергі жоқ екенін атап өтті.

«Түркістандағы халықаралық ортаны қазіргі заманауи беталыстарға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық базаның көмегіне сай қалыптастыру мүмкіндіктері бар. Бұл ретте экологиялық күн тәртібі де бар. Бұл бағыт Түркістанды дамыту бойынша өзектілігін жоғалтпауы қажет», – деген ұсынысын айтты Айдана Акесина.

Дөңгелек үстелді қорытындылаған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі Женгиз Томар түркі елдері арасындағы виза мәселесін оңтайластыру туралы идеясын айтты.

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮЛЕГЕН ОҚУ ОРДАМ!



Білімді жас – ел тірегі. Халқымызда “Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады” деген сөз бар. Білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіруші күш екендігі белгілі. Бүгінде еліміздегі осындай үлкен өндіргіш күшке, ғылым-білімнің ордалы ортасына айналып отырған жоғары оқу орындарының бірі - қаламыздағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып табылады!

Осы ордалы оқу орны биыл өзінің 30 жылдық мерейлі кезеңін атап өтіп отыр. Бұл аралықтағы 30 жыл еліміздегі сан мыңдаған адамның санасына ұлы өзгерістер әкелді. Әсіресе, университеттің құрылуы



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың түркістандықтарға жасаған баға жетпес сыйы болды. Бұл орайда, Тәуелсіздіктің 30 жылы қасиетті Түркістан қаласы үшін өркениетке жасаған қадамның қарымымен ерекшеленіп отыр. Бұдан әрі де осылай жалғаса бермек деп есептейміз.

Өз тәуелсіздігін баянды етіп, егеменді ел ретінде даму жолына түскен жас Қазақстанның келешек ұрпағы – жастарға халықаралық университет бүгінгі күн талабына сай білім беріп, әртүрлі мамандықтарға даярлау және патриоттық сезім негізінде жүйелі бағыт-бағдар беруде. Сондай-ақ, ең бастысы, оқу орны түркі халықтары үшін қасиетті орынға ерекше назар аударуға септігін тигізіп, түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен рухани дүниесін жаңғыртуға мол үлес қосуда.

Қазір қаламызда, Түркістанның тасын өрге сүйреп, уақытпен санаспай еңбек етіп жүрген мамандардың басым көпшілігі осы университет түлектері. Міне, осы орайда, «Түркістанның өркендеуі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті шәкірттерінің қолымен жасалып жатыр» деуге толықтай негіз бар. Сондықтан, кейінгі кездері ұлы дала елінің, тіпті түркі әлемінің қандай да бір жеткен жетістіктерінде қаламыздың сәні боп тұрған университеттің қолтаңбасы зор деп түсінеміз.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ



СҰХБАТ

КИЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Әйелдің сұлулығы, батырлығы, ақылдылығы, тапқырлығы кімнің қаламына арқау болмады десеңші. Мына әлемді аузына қаратқан небір қайсар әйелдер өтті. Әлі де бар. «Қай жерде, мейлі, қай елде, Әлемнің мәні - әйелде...», - деген жыр жолдарында Жүрсін ЕРМАН әйелсіз өмірдің мәні де жоқ екенін нақты суреттеп береді. Сондай әйелдердің бірі, отбасының берекесі, көркем жүзді ана, ұстаз өзінің үш баласын ғана емес, жолдасы Жақыпбек Қасымбековтың шәкірттеріне де ана бола білген, әрбір жеткен жетістіктеріне еңбегі сіңген Мария Ботайқызы Жаздықбаева.



Түркістан қаласындағы 30 жылдық тарихы бар Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 1000-ға жуық оқытушы-профессорлар құрамы қызмет етеді. 10 000-ға жуық білімгері бар оқу ордасындағы әрбір қызметкерімен сөйлесе кетсеңіз өмірлері сырға толы. Солардың бірі пед.ғ.к, доцент Мария Ботайқызы Жаздықбаева. Мария апай университет ашылған күннен бастап ұстаздық етіп келеді. Жолдасы Жақыпбек Қасымбеков елімізге танымал ұстаз-спортшы, халықаралық дәрежедегі бапкер. Екі ұлы, бір қызы да оқу ордамызда білім алған белгілі спортшы ұлдары Жәнібек пен Тоқтарбек Айдарбековтер халықаралық, республикалық сайыстардың жеңімпаздары. Үш чемпион шыққан киелі шаңырақ.

Спортшылардың физикалық тұрғыда баптаған бапкердің еңбегі бағаланып жатады, ал үйде тамағын, бар жағдайын жасап отырған адам – ана, әйелі жайында қоғамда сөз қозғала бермейді. «Әр күшті еркектің артында ақылды әйел тұр» дегендей қас-қабақтарына қарап, жеңіспен келсе бірге қуанып, жеңілсе дем беріп отырған ана Мария Ботайқызынан: «Балаларыңыз жарысқа түсіп, тікелей эфирден көрсеткенін қарайсыз ба?» деген сұрағыма, - «Жоқ қарай алмаймын. Олар қалай шаршы кілемге шығады мен басқа бөлмеге барып, жайнамызымды жайып, Құдайға сыйынып, сүрелерімді оқып, қашан бітті дегенше тілеулерін тілеп отырамын, - деп жауап берді. «Баласы атқа мінсе ата-анасы тақымын қысады» деп қазақ тегін айтпаған. Ия, анаға ұлының жекпе-жегін қарай алмау заңдылық. Өзі

мықты, жүрегі нәзік Анаға баласының әрбір алған соққыларын көру ауыр тиері анық. Бір отбасының азаматтары біріңғай дзюдо, күрес, самбо, қазақ күресімен айналысады. Екі бала да әке жолын қуып осы спорт түрлерін дамытуға атсалысып жүр.

- Мария апай, қайда білім алып, еңбек жолын қалай бастадыңыз?

- Мектепті үздік бітірдім, бірақ әкем институтта оқуыма қарсы болды. Себебі, алдындағы төрт әпкем де Алматыда институтта оқып жүріп, күйеуге шығып кеткен болатын. Әкеме оқуды бітірген соң бір жыл жұмыс істеп, содан кейін қолдан ұзатыламын деп уәде беріп, рұқсатын әрең алдым. Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтына 2 жыл қатар барып түсе алмай, 3-ші жыл дегенде түсіп, қызыл дипломмен бітірдім. Мені институтқа қалдырмақшы болған еді. Соңғы курста оқып жүргенімізде желтоқсан оқиғасы болды. Осыған байланысты институтқа жұмысқа қалатын студенттерді бір жылдан соң келесіңдер деп үйлеріне қайтарды. Солай дипломды бір жыл кешіктіріп алдым. Қызыл дипломмен бітіргенімді қайтейін Түркістанда еш жер жұмысқа қабылдамайды. Алматыда бітіріп келген соң Желтоқсанға қатысты деп қорықты ма, әлде басқа себеп болды ма жұмыс таба алмай шарасыз күйге түстім. Егер екі айдың ішінде жұмысқа орналаспам 4 жыл оқып алған диплом күйіп кетпек. Жұмыс іздеуден еш нәтиже шықпаған соң Алматыға жол тарттым. Тағдырым шешілетін соңғы күні Білім министрі Ш.Шаяхметовке тікелей бардым. Министр жылы қабылдап, мән-жайды сұрады. Еш жер жұмысқа алмай жатқанын, бүгін жұмысқа орналаспам дипломым жарамсыз болып қалатынын жеткіздім. Түркістандағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық колледжде бос 13 орын бар екендігін айтып, өз қолымен жолдаманы жазып, маған ұстатты. Жұмысқа алмай жатқан директор министрдің қолы қойылған жолдаманы көріп, толық сағатпен жұмысқа қабылдады. Адамнан пендешілік деген қалмаған ғой, директор алты айға дейін артыма түсіп алды. Келген комиссияларды менің сабағыма кіргізеді, күнде тексеру. Бірақ өзімнің білімімді дәлелдеп шығып, сайыстардан жүлделі орын алған соң 1-ші дәреже берді. Жұмысты солай 1-дәрежелі мұғалім

болып бастап кеттім.

- Балаларыңызды спортқа қанша жастан баулыдыңыздар?

- Біз салауатты өмір салтын ұстанған отбасымыз. Балаларымыздың жас кезінде университет стадионында бірге жүгіретінбіз. Үшеуін де 1-сыныптан бастап спортқа қатыстырдық. Тұңғышымыз Айгүл студент кезінде гимнастика мен тоғызқұмалақ түрлерінен жарыстарға қатысып, жүлдегер атанды. Мен де студенттік шақта гимнастика, тоғызқұмалақ, дойбыға қатысқан едім. Қолымыз босағанда, кешкісін жанұямызбен тоғызқұмалақ, үстел теннисін ойнап тұрамыз.

- Бір үйдегі үш спортшының бабы мен күтімі жайында айта кетесіз бе?

- Ер адам түздің адамы, спортшы болса тіптен жарыстардың уақытында айлап үйде болмайды. Қазір енді үшеуін кезекпен шығарып салып, күтіп аламыз. Бұл олардың жұмысы, тек өздерінің емес елдің намысын қорғайды. Сондықтан олардың тамақтары, киімі, жабдықтарының тазалықтары барлығы менің мойнымда. Спортшылар тек бұға піскен, қайнатылған тағамдар мен көкөністер, жеміс-жидектер жейді, ағарған ішеді. Тағамдарды мен үйде дайындаймын. Бие ұстаймыз, ешкі, сиыр сауамын, айран, сүзбе, құртын жасап қоямын. Бау-бақшамыз бар. Алма, өрікті кептіріп, сақтаймын. Балаларымды барынша табиғи өнімдермен тамақтандыруға тырысамын. «Ас адамның арқауы» дегендей тоқ адамның дайындығы да жақсы болады. Әрине үйде болған кездері отағасы мен балаларым да шаруашылыққа көмектеседі.

- Бапкердің жары ретінде ағайдың жарыстарға дайындайтын шәкірттеріне сіздің де үлес қосқан кезіңіз болды ма?

- Ағайыңмен шаңырақ көтергелі үйден әлі күнге қонақ үзілмейді. Ал шәкірттерін мен қосыла баптап жүрмін десем де болады. Қаншама спортшы-шәкірттері үйде жатып, оқуларын бітірді. Олардың ас-суларын дайындап, киімдерінің тазалығына дейін де қараймын. Қазір сол шәкірттері елге танымал азаматтар – Роман Төреханов, Ғалымжан Худияров, Марат Надыров, Дархан Төрәділұлы, Бақытжан Опанов. Азиада-2018» ойындарының жеңімпазы Бағлан Ибрагимов 1-курстан біздің үйде тұрып, жаттықты. Ал шәкірттері Марат, Шавкат, Өскен қазір университетте бапкерлік қызметте.



КИЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Бұл жігіттердің барлығы дерлік біздің үйде жатып, оқып еді. Күнделікті жаттығуларына қазы, сәбіз пісіріп, қолдан жабылған қара нанмен қосып беріп жіберетінмін. Палуанның жейтін тағамдары құнарлы болу керек. Жатақханада жағдайлары бола бермейді. Ағайының барлық шәкірттерін өз баламыз сияқты екі жақтан баптап, ақылымызды айтып, қадағалайтын едік. Осы күнге дейін шәкірттерін үйге жатқызып, баптайды. Жатақханада жататын шәкірттеріне ағайың «олардың қайбір жағдайы бар дейсің» деп үйден тамақ тасып жүргені. Жарыстардан жүлделі оралса сол еңбегіміздің өтеуі деп риза боламыз.

- Мария апай, спортшының жары қандай болу керек? Қыздардың құлағына алтын сырға...

- Құрбымның тойында жолдас қыз болдым. Жақыпбек жолдас қызымның күйеуінің досы екен. Екеуімізді табыстырған достарымыз. Мен ол кезде колледжде мұғалім болып жұмыс істейтінмін. Жақыпбек ағайың мектеп мұғалімі. Таныстықтың арты ұсыныс жасауға ұласты. Ол кездері алып қашатын уақыт еді ғой. Мен құда түсіп кел, үйден ұзатылып шығайын дедім. Өйткені «оқуды бітіріп, бір жыл жұмыс істеп, үйден ұзатыламын» деп әкеме берген уәдем бар еді. Тойымды әкем көре алмады, 1987 жылы келмес сапарға аттанып кетті. Институтты бітірген соң бір жыл жұмыс істеп, әкеме берген уәдемді орындап, 1988 жылы мен тұрмысқа шықтым. Ағайың ол кезде техникум бітірген екен. Екеуіміз ақылдаса отырып, жоғары білім алу керек деп шештік. Солай институтты бітірді. Университет ашылғаннан кейін екеуімізді де осында жұмысқа шақырды. Жұмыс істей жүріп, кандидаттық қорғадық. Міне содан бері оқытушылық қызметтеміз. Қыздарға айтарым, негізі әйел ерінен бір саты төмен тұрады. Біздің отбасында қаржы жағын ағайың басқарады. Қаражатты кім ұстаса да үйге кірген кіріс пен шығысты біліп отырасың. Сондықтан сол үшін таласудың еш керегі де жоқ. Жетпеген нәрсені жеткізуге әрекет еткен дұрыс. Мен 6 жыл бала күтімімен отырдым. Үйіміз қаладағы №15 мектептің қасында болатын. Бір жалақы жетпейді, сол кездері пирожки, самса пісіріп сатқан күндерім де болды. Папамыз шәкірттерін алып, өзі қатысып түрлі біріншіліктер мен спорттық жарыстар да жиі кетеді. Балаларым кішкентай кезінде әкелерін айлап көрмейтін кездері болады, сағынып жылайды. Сол кездері иісі сіңген көйлегін иіскетіп жұбататынмын. Мектептегі жиналыстарына да барамын, сабақтарын да өзім қадағаладым. Балаларымның үшеуі де университетті грант негізінде оқып, бітірді. Жер алып, өз күшімізбен қазіргі тұрып жатқан үйімізді тұрғыздық. Жазғы демалыстарда Жәкең қосымша құрылыс жасайды. Екеуіміз де қарап отырмайтын едік. Қазіргі жеткен жетістіктеріміз ынтымақ пен еңбектің арқасында болып отыр.

Спортшылар жарыстарға айлап кететін уақыттары болады. Сондықтан спортшының әйелі сағатқа емес, қай күні келер екен деп күнтізбеге қарайды. Жеңіске жетіп, көңілді оралса бірге қуанып, жеңіліп қалса қасқабағына қарап, сабырға шақырып, соның көңілін тауып отыруы керек. Жұмысқа ба-

рып келемін де үйдегі жігіттердің жағдайын қамдауға кірісемін. Спортшылардың тамақтану салты бір басқа, қуырған тамақ болмайды. Бұға піскен, қайнатпа тағамдармен тамақтанулары керек. Салаты, тәттісі өз алдына. Спорттық киімдері бір күнде бірнеше рет жуылады, кептіріп келесі жаттығуға барғанға дейін дайындап қоюы керек. Сонымен қоса мал, бақша барлығы өзіңе қарап тұрады. Әйел адам барлығына уақыт жеткізіп, үлгеруі керек. Өз жұмысыма түнде тірлікті бітіріп барып отырамын. Екі жылдай болып қалды Жәнібегім келін түсіріп, қолым ұзарып қалды.

- Апай, қаншама жасты тәрбиелеп, білім беріп отырсыздар. Үйіңізде небір жүлдегер жастардың жағдайын жасадыңыз. «Жасаған жақсылығың

жолдамамен келген жас мамандарға пәтер беретін еді. Жер үйдің екі бөлмесінде біз, екі бөлмесінде бір татар апа тұрды. Апа жалғыз өзі, балалары Ресейде тұрады-ау деймін, келмейтін. Көрші апамызға күнделікті өзімізге дайындаған тамақтардан беріп, қолымнан келген көмектерді көрсетіп жүрдім, бірге әңгіме айтамыз. Кейде балаларына өзі барып келеді. Сол кісі қызына «екі бөлмені Марияға қалдырамын» деп өсиет хат тастап кеткен екен. Апа бақилық болғаннан соң қызы анасының екі бөлмесін сатпақшы болып біраз әрекеттенді. Апамыз сол күндері қызының түсіне «өсиетімді орында» деп кіре беріпті. Ақыры қызы маған апаның өсиеті бар екенін, түсіне кіріп тыныштық бермей жатқанын айтып, екі бөлмені сыйға беріп кетті.

Мария Жаздықбаеваның 100-ден астам



алдыңнан шығар» деп жатамыз. Сіздің еңбегіңіз еленді ме?

-Жәкең дайындаған әрбір жеңімпаз-студенттеріне мен де атсалыстым деп айта аламын. Адамға күш беретін құнарлы ас емес пе, олар менің дайындаған тағамдарым, бие, сиыр сауып дайындаған ағарғандарым мен көктем басталғаннан бау-бақшада егіп, өсірген көкөністер мен жеміс-жидектерді жеп қуаттанды. Кейде ағайыңа неге маған да ең болмағанда бір Алғыс хат бермейсіңдер деп әзілдеп айтып отырамын. Осы тұрғыдан еленбей келеді(күліп). Ұстазын сыйлап, туғанымыздай болып кеткен шәкірттері көп. Университет қабырғасынан шыққаннан кейін кейбір спортшылар үлкен додаға баптап қосқан бапкерлерін ұмытып кететін жағдайлар да болып тұрады. Осындай сәттерде «көзден кетсе көңілден кетеді екен» деп қаласың. Біреуге жақсылық жасасаң міндетті түрде алдыңнан шығады екен. Оны өз басымнан көптеп көріп жүрмін. Білім берген білімгерлерім «ұстаз» деп құрметтеп жүретіні өз алдына. Бір оқиғаны айтып берейін. Мен пед.колледжде жұмыс істеп жүріп тұрмысқа шыққаннан кейін мемлекеттен төрт бөлменің екі бөлмесін берді. Ол кезде

ғылыми еңбектері бар. 10 оқу құралы, 14 оқу әдістемелік құрал мен 2 электрондық оқулықтың авторы. Мария апай мен Жақыпбек ағай бір қыз, екі ұл тәрбиелеп-өсіріп, қызын қияға, ұлын ұяға қондырған, екі немеренің ата-әжесі. Тұңғыштары Айгүл қалалық перзентханада дәрігер-гинеколог, Жәнібек Түркістан қаласының ІІД қызмет атқарады. Ал кенжесі Тоқтарбек, биыл «Қазақстан барсында» Түркістан облысының намысын қорғады. Қазіргі таңда ұлттық құраманың сапында өнер көрсетеді. Әйелдің үйдегі тірлігі атан түйеге жүк боларын біреу білсе, біреу біле бермейді. Сол тіршілікте білінбейтін бірақ маңызды тірлікті әйел шеберлікпен, қыңқ деместен жайғастырып отыр. Үйдің ұйытқысы, жылуы, берекесі Мария Ботайқызы өмірде табандылық көрсетіп, адал еңбекпен құрметке ие болған ұстаз. Қазақ әйелдерінің жарқын бейнесінің жиынтығы Мария апай десек артық айтпаймыз.

Сұқбаттасқан,
Эльмира АРТЫҚБАЕВА

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІ ҚОСЫМШАСЫ



Ahmet Yesevi Üniversitesinde “1 Aralık Kazakistan Cumhuriyeti’nin Kurucu Cumhurbaşkanı Günü” Kutlandı

Ahmet Yesevi Üniversitesinde Nursultan Nazarbayev’in Cumhurbaşkanı olması münasebetiyle kutlanan “1 Aralık Kazakistan Cumhuriyeti’nin Kurucu Cumhurbaşkanı Günü” töreni, 30 Kasım 2021 tarihinde Türkistan Kültür Merkezi’nde gerçekleştirildi.

Üniversitemiz Rektörü Dr. Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar törenin açış konuşmasında Nursultan Nazarbayev’in Türk dünyası için örnek teşkil eden mücadelesine ve vizyonuna değinerek Kazakistan Cumhuriyeti’nin kuruluşundan bu güne geçen 30 yılda katettiği önemli gelişmelere vurgu yaptı.

Tören programı; Üniversitemiz öğrencilerinin düzenlediği dans gösterileri ve müzik dinletilerinin ardından Ahmet Yesevi Üniversitesine uzun yıllar emek vermiş öğretim üyelerine ve personele sunulan teşekkür belgelerinin takdimi ile sona erdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE “AFGANİSTAN TÜRKOLJISI” SEMİNERİ DÜZENLENDİ

Kazakistan Cumhuriyeti’nin kuruluşunun 30. yıl dönümü ve “İlk Cumhurbaşkanlığı Günü” etkinlikleri kapsamında Nursultan Nazarbayev Fonu tarafından düzenlenen “Türk Dünyasının Entegrasyonuna Yönelik Nazarbayev Modeli” başlıklı uluslararası konferans, 26 Kasım 2021 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi’nde başladı.

26-27 Kasım 2021 tarihleri arasında gerçekleşecek olan konferansın ilk gününde; “Nursultan Nazarbayev, Türk Dünyası Entegrasyonu Mimarı” ve “Türkistan, Türk Dünyasının Manevi Başkenti” başlıklı oturumlar tamamlandı.

Oturum başkanlığını Nursultan Nazarbayev Fonu Genel Müdür Yardımcısı İgor Rogov’un yaptığı “Nursultan Nazarbayev, Türk Dünyası Entegrasyonu Mimarı” başlıklı günün ilk oturumunda; Nursultan Nazarbayev Fonu Başkanı Dariğa Nazarbayeva, Türkiye Cumhuriyeti Anayasa Mahkemesi Başkanı Zühtü Arslan, Kazakistan Cumhuriyeti Anayasa Heyeti Başkanı Kayrat Mami, Türk Devletleri Teşkilatı Genel Sekreteri Bağdat Amreyev, Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanı Askhat Aymagambetov, Türkistan Eyalet Valisi Umirzak Shukeyev, TÜRKSOY Genel Sekreteri Duysen Kaseinov, Uluslararası Türk Akademisi Genel Sekreteri Darkhan Kydyrali, Kazakistan Halk Meclisi Başkan Yardımcısı Marat Azilkhanov ve Üniversitemiz Rektörü Dr. Janar Temirbekova söz aldı.

Günün ikinci oturumu “Türkistan, Türk Dünyasının Manevi Başkenti” temasıyla gerçekleştirildi. Oturum başkanlığını Üniversitemiz Rektörü Dr. Janar Temirbekova’nın yaptığı seminare; Abay Kazak Milli Pedagoji Üniversitesi Profesörü Mambet Koygeldiyev, Manas Türk-Kırgız Üniversitesi Rektörü Profesör Alpaslan Ceylan, Nazarbayev Üniversitesi Kazak Dili ve Türkoloji Bölümü Başkanı Profesör Yulay Şamiloğlu, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Öğretim Üyesi Profesör Tursun Hazretali, Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanlığı Stratejik Araştırma Enstitüsü Sosyo-Politik Araştırma Bölümü Araştırmacısı Madina Bektenova, Avrasya Araştırma Enstitüsü Baş Araştırmacısı Daulet Jaylıbayev, Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanlığı Stratejik Araştırma Enstitüsü Araştırmacısı Aydana Akesina ve Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar katıldı.

Programda; “Türkistan Şehri ve Türk Dünyası”, “Kültürlerarası İletişimde Türkistan’ın Rolü”, “Türkistan’ın Etnokültürel Ortamı” ve “Bağımsız Kazakistan Şehirciliği” temaları işlendi.

Uluslararası konferansın ilk günü, “Nursultan Nazarbayev Fonu’nun Genç Bilim İnsanlarına Yönelik Düzenlediği Yarışmalar” konulu oturum ile sona erdi.

“TÜRK DÜNYASININ ENTEGRASYONUNA YÖNELİK NAZARBAYEV MODELİ” ULUSLARARASI KONFERANSI AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE TAMAMLANDI

Nursultan Nazarbayev Fonu tarafından düzenlenen “Türk Dünyasının Entegrasyonuna Yönelik Nazarbayev Modeli” başlıklı uluslararası konferans, 27 Kasım 2021 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi’nde gerçekleştirilen oturumlarla sona erdi.

Konferansın ikinci gününde Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar yöneticiliğinde “Nazarbayev Modeli: Türk Dünyasının 2040 Yılındaki Durumu” başlıklı oturum düzenlendi.

Dünyanın çeşitli kurum ve kuruluşlarından akademisyenlerin çevrim içi olarak katılım gösterdiği oturumda, “Nursultan Nazarbayev’in Türk İş Birliği”, “Türk Dünyasının Manevi Başkenti Türkistan”, “Kazak Etnik ve Dinler Arası Uyum Modelinin Mevcut Durumu” temalı sunumlar başta olmak üzere Türk dünyasının küresel anlamda teknolojik ve modern gelişimi ile birlikte Türk dünyasını gelecekte bekleyen yenilikler hakkında uzman görüşleri değerlendirildi.

Konferans programı, yapılan teşekkür konuşmaları ve anı fotoğrafı çekimi ile sona erdi.



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН АККОРДЕОНШЫ ОЛЖАС

Жуырда отандасымыз Олжас Нұрланов Мюнхенде өткен «74th Coupe Mondiale» байқауында әлем чемпионы атанды. Coupe Mondiale — аккордеоншылар халықаралық конфедерациясы жыл сайын өткізетін аккордеон жарысы. Байқауда әлемнің түкпір-түкпірінен келген өнерпаздар бақ сынады. Олжасты жеңісімен құттықтап, әңгімеге тартқан едік.

- Кішкентай бүлдіршіндерге қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

- Негізінде, көптеген кеңестер беруге болады. Бірақ, өнер жолын таңдағалы жүргендерге, осы жолда еңбектеніп жүргендердің бәріне айтқым келетін ең маңызды нәрсе – ЕШКІМДІ ЕШҚАШАН ТЫҢДАМА. Сенен ештеңе шықпайды, қолыңнан келмейді, сен оған жеткілікті түрде ақылды күшті емессің дейтіндер туралы айтып отырмын. Ондайлардың сөзіне мән бермеңіздер. Мақсатыңызға ақырындап болса да, жылжи беріңіз, талпыныңыз. Бастысы, өзіңе деген сенім болуы керек. Өзіңді өзгертуге тырыспау қажет. Кемшіліктер барлық адамда болады. Менде де болған, қазір де бар. Алайда, бұл тоқтауға дәйек емес. Алға жылжуға, өзіңді қамшылауға себеп бола алады. Ал, аккордеоншыларға, жалпы, өзімен бірге үлкен, ауыр музыкалық аспапты көтеріп жүретіндерге айтарым – бала кезден бастап спортпен шұғылданыңыздар. Бұлшық еттеріңізді шынықтырыңыздар. Біреуге еліктеп емес, денсаулығыңды нығайту үшін. Аккордеоншылардың жүзден тоқсан пайызында бел ауыруы мәселесі бар. 16 келі болатын баянды үнемі көтеріп жүру концерттерде қиын емес, әрине. Дегенмен, кейде аспапты көтерген күйде 3-5 шақырымды жаяу жүруге, тауға шығуға тура келеді. Оған қоса, костюм бар. Соның бәрін көтеріп, ұзақ жол жүріп келгеннен кейін концертте өнер көрсету мүмкін емес.

- Музыканттардан кімдерді сүйіп тыңдайсыз? Кумиріңіз бар ма?

- Бір ғана жанрда ойнайтын музыкант болғым келмейді. Барлық жанрдағы, түрлі бағыттағы әуендерді тыңдауға тыңдаймын. Классикадан бастап, электронды, рэп, рокқа дейін. Шынымды айтсам, кез келген академиялық кәсіби музыкант үшін ЕҢ ЖАҚСЫ ӘУЕН-ТЫНЫШТЫҚ деп ойлаймын. Сол себепті, көбірек демалуға



тырысамын. Әрине, бұл менің субъективті пікірім. Кумирім жоқ. Басқалардың еңбектерін жәй ғана тыңдап, жақсы тұстарын үйрену керек.

- Шығармашылық жолыңыз қалай басталды?

- Анамның құрсағында жатқанымда әкем концерттерде баян тартқанда реакция көрсетіп, қимылдайды екенмін. Дүниеге келгелі осы аспаптың дауысын есітіп келемін. Туылғалы бері әкемді музыкалық аспапсыз көрген емеспін. Әрдайым баян тартатын. Оның музыка ойнаған бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Бала кезімдегі музыкамен байланысты ең жарқын сол бір сәттер өмірімнің өзгеруіне себеп болды. Өнердегі жолым осылай басталды. 6 жасымда музыкалық мектепке түстім. Маған музыка деген ұғымның өзі ұнайтын. Музыка – өнердің бір түрі. Музыканың анауы анандай, мынауы мынандай деп бөлмедім. Жәй ғана баянмен орындалған классикалық, халық әндерін көп тыңдадым. Осы аспаптың дыбысына, орындалуына жанкүйер болдым. Алғашында баянда ойнау менің хоббиім болды. Кейіннен мамандығыма айналды. Яғни, кәсібім – хоббиім. Кез-келген адамның алға қойған жоспары болады. Мен олар туралы толықтай айтпаймын. Жәй ғана жұмысымды әрі қарай жалғастырамын. Сондай-ақ өзімді әрі қарай дамытқым келеді. Өмірімде бір ғана арманым - баянда ойнау болған. Ол орындалды. Жалпы, менің түсінігім бойынша арман дегеніміз – орындалуы мүмкін емес нәрсе. Қол жеткізуге болатынын мақсат дейміз. Сондықтан, тек мақсаттарым мен жоспарларым ғана бар. Арманым жоқ.

Әңгімелескен:
Гүлжан НИЯЗОВА
2-курс студенті

СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ...

ҰРПАҒЫМЫН ҰЛТЫМНЫҢ!



Менің тәуелсіз Отанымға 30 жыл! Ұлан асыр той, үлкен мереке. Мақаламның алғы сөзі ретінде жазуға лайықты басқа бір қуанышты сөз таба алмадым. Іштегі асау сезімді, шалқыған көңілді, ұлы тебіреністі қара сөзге сыйдыра алмадым.

Себебі, қанша жерден тәуелсіздік Тәңірдің сыйы десек те мұның арқасында қаншама төгілген қан, аққан көз жасы бары анық. Сонау Керей мен Жәнібек өз бетінше жеке хандық болып еншісін алып шыққан тұстан бері қазақтың аңсағаны бостандық пен тыныш заман болатын-ды. Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы қылыштың жүзі қызыл қанға боялғаны, ақтабан шұбырынды заманындағы қарындастан айырылып, екі көзге жас келіп, талай қазақ шаңырағының қара жамылғаны, бертін келе КСРО-ның озбыр саясатының арқасында әуелі аштықтан қырып, сонан соң «Оян, қазақ» деген азаматтарын атып тастап, екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес даласын фашисттерден қорғатқанына әуелі Алла, сонан соң тарих беттері куә. Айта берсең, сетінеген жіптей сөгіле береді. Ақырғы тұсы 1986 жылы қазақ жастарының бас көтеруіне себеп болды. Өйткені, Керей мен Жәнібектің де, Қабанбай мен Абылайдың да, Әлихан мен алаш арыстарының да, Қайрат пен Сәбираның да тілегі тәуелсіздік, дұғасы бостандық болатын.

Аллаға шүкір біз дүние есігін ашқалы тәуелсіз елдің ұландарымыз. «Не киіп, не ішеміз?», «Қашан зеңбірек пен мылтық дауысы тоқтар екен?», «Бүгін кімнің үйіне қаралы қағаз келер екен?», «Таңертең тұрғанымызда жау әскері самайымызға қару тақап тұрмай ма?» деген сұрақтарды ойлағанымыз жоқ. Біздер үшін соңы жақсылықпен аяқталған ертегі секілді. Себебі тек теледидардан көріп, үлкендерден естідік. Жаратқан осы бақытымызды ұзағынан қылғай.

Ендігі жерде басқа алпауыт елдермен терезе теңестіретін тұсқа келдік. Ана тіліміздің мәртебесі жоғарылап, әдет-ғұрыпты жаңғыртуымыз қажет. Олай дейтінім аталарымыздың салған жолы бөлек, әкелеріміздің жүріп өткен жолы айқын. Текті халықтың тәуелсіз ұрпағы баба ізін жалғап, бір атаның баласындай бірігуіміз тиіс. Қазақстанда іздесеңіз әдемі табиғат та, көне тарих та, мейірімді жандар да, текті халық та, достығы жарасқан ұлттар да бар. Бұл-бақыт!

Барша Қожа Ахмет Яссауи атындағы университет ұжымын, ұстаздар қауымын, замандас-құрдастарымды, халқымды, қазақстандықтарды осынау айтулы мерекемен құттықтағым келеді. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

Ақайша АЛПЫСБАЕВА
2-курс студенті

ӘДЕМІЛЕЙМІЗ ДЕП, ӘСЕРЛЕМЕДІК ПЕ?

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі — Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәу ету орнына айналды. 1396 жылы Орта Азияның билеушісі Ақсақ Темір Қожа Ахмет Яссауидің ескі мазарының орнына жаңа кесене салу жайлы бұйрық береді. Орта ғасырларда бой көтерген ең керемет сәулет өнерінің бірі саналатын аталмыш кесенеді қазақтың 21 ханы жерленген деседі. Кесене салынып жатқан кезде қайта-қайта құлап қала берген екен. Сонда Ұлы билеушінің түсінде бір ақсақал аян беріп, "Қожа-Ахметтің Арыстан атты ұстазы болған. Сондықтан әуелі Арыстанға, сосын ғана шәкіртіне кесене салыңдар" депті. Бұл түсті көрген Әмір Темір көріпкелдерін шақыртып алып, түсін жорытады. "Арыстанның қабірін қалай табамын?" деп олардан ақыл сұрайды. Көріпкелдері "Жұма намаздан соң Қожа Ахмет Яссауидің қабірінің басына екі құс келіп қонақтайды, сол құс ұшып ұстазы Арыстанбабтың басына барады, осылайша табасың" деп айтқан екен. Арыстанбабтың сүйегі жерленген жер осылайша табылғанға ұқсайды.

Арыстанбабтың жерленген жері жөнінде тағы да бір қызық аңыз бар. Арыстанбаб қайтыс болмай тұрып, тірі кезінде Қожа Ахмет Ясауиге "Менің саған айтар аманатым, жасым келді, қартайдым. Қайтыс болсам жаназамды сен оқисың. Жас та болсаң сен тегін адам емессің. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) аманат жіберген адамысың. Менің жаназамды оқысымен күн батыс жақтан бір ақ түйе келеді. Соған денемді артып, басын бос қоя сал. Түйе қайда барып шөксе, сол жерге сүйегімді жерле" деп айтыпты. Сол аманат бойынша Арыстанбабтың жаназасына жиылған адамдар ақ түйенің соңынан ереді де отырады. Түйе Отырар өңірінің батыс жағына келіп шөгеді де, сол жерге Арыстанбабтың сүйегі қойылады. Арыстанбаб Түркістанда қайтыс болғанымен Отырарда жерленген.

Жоғарыдағы әңгімеге қайта оралайық. Әмір Темір Түркістаннан кірпіштерді тасытып, Арыстанбабтың басына үлкен күмбезді кесене салдырыпты. Содан кейін ғана Қожа Ахметке арнап салынып жатқан кесене құламапты да, әміршінің тірлігі алға басыпты. Қаншама ауыртпалық пен қиындықты басынан өткерген бұл қала, бүгінде ерекше көркеюде. Жаңарған Түркістан көпшіліктің көңілінен шығып, көзайымына айналғаны жан қуантар жағдай. Биылғы тың жаңалықтардың бірі, Қазақстандықтар мен жергілікті халықтың, әсіресе туристтердің назарын аударған «Керуен-сарай» көпфункционалды кешені екені белгілі. Бұл туристік кешен 2021 жылдың сәуір айында өз жұмысын бастады. Құрылысы 2019 жылдың желтоқсан айында басталған кешен, әлі де өз құрылысын толықтай аяқтай қойған жоқ. Дегенмен қазіргі уақыттың өзінде жекелеген нысандары қонақтарды жылы қарсы алып, керемет көңіл күй сыйлауда. «Керуен-сарай» кешені «Әзірет Сұлтан» мәдени қорығының буферлік аймағындағы 20,5 га аумақта, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қарама-қарсы орналасқан. Иә, шынымен көз тартар, керемет әсер қалдыратын, көздің жауын алатын ерекше құрылыстық идея. Егер әртүрлі қойылымдар, концерт пен ойын-сауықтық кештердің куәсі болғыңыз келсе, онда бұл кешен сіз үшін таптырмас орын.

«Сын түзелмей, мін түзелмес» демекші, «әттең» дейтін тұстары да жоқ емес. Жоғарыда айтылғандай «Керуен-сарай» кешені көбіне ойын-сауық пен шоудың ортасы. Алайда, жолдың қарсы бетінде «мазарат» бар екенін ешкім елеп-ескермеген секілді. Жолдың бір жағы өн мен би алаңы, екінші жағы мазарат (мола) болса, бұл қалай болғаны. Ата-баба әруағына деген сыйластық, қаншама ғасырлық тарихы бар «Қожа-Ахмет Яссауи» кесенесінің киесі қайда қалды. Дұрыс, өмір ағысымен, заман талабымен жаңару керек. Бірақ ата-баба рухын қорлап емес! Ескі Түркістан мен жаңарған Түркістанның айырмасы өте үлкен. Мысалы, ескі қалаға туристтер зиярат етіп, құлшылық жасап, тарихын білу үшін келсе, жаңарғалы бері тек көңіл көтеріп, қыдыру үшін қызығатын секілді. Жаңадан бой көтерген кешендер мен биік ғимараттар салдарынан қаншама ғасырлық тарихымыздан, көне қаламыздан, киелі орындарымыздан алшақтап бара жатқандаймыз. Өркендейік, өсейік тек киелі жерімізді, көптеген батырлары мен хандары жерленген, ерлікпен қаны төгілген қастерлі жерімізді аяқ асты етпейік, қорламайық. Киелі Түркістанды ұрпақтан ұрпаққа ешқандай өзгерістер мен артық боямсыз жеткізу, оны әрі қарай дәріптеу, қастерлеу біздің міндетіміз. Қазақта «өлі разы болмай, тірі байымас» деген керемет нақыл сөздің бар екенін ұмытпайық.

Балжан ШӘКІРБАЙ
1-курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru